

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Әскери мақсаттағы өнімдерді өндіруге қатысатын кәсіпорындар мен ұйымдардың мамандануын сақтау туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 1334 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Әскери мақсаттағы өнімдерді өндіруге қатысатын кәсіпорындар мен ұйымдардың мамандануын сақтау туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрі Әділбек Рыскелдіұлы Жақсыбековке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында Әскери мақсаттағы өнімдерді өндіруге қатысатын кәсіпорындар мен ұйымдардың мамандануын сақтау туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында Әскери мақсаттағы өнімдерді өндіруге қатысатын кәсіпорындар мен ұйымдардың мамандануын сақтау туралы

Келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

қалыптасқан өндірістік және ғылыми-техникалық кооперация базасында әскери мақсаттағы өнімдерді дайындау саласындағы ынтымақтастықты қолдау және дамыту қажеттігін т а н и о т ы р ы п ,

ұзақ уақыт негізінде Тараптар мемлекеттерінің өнеркәсібі қорғаныс салаларының ықпалдасуын дамытуға өзара ұмтылысты басшылыққа ала отырып,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы 1992 жылғы 25 мамырдағы шарттан көріне о т ы р ы п ,

Қазақстан-ресей ынтымақтастығын кеңейту және тереңдету туралы 1995 жылғы 20

қаңтардағы декларацияны және ХХІ жүз жылдыққа бағдарланған мәңгілік достық пен ынтымақтастық туралы 1998 жылғы 6 шілдедегі декларацияны ескере отырып,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Әскери ынтымақтастық туралы 1994 жылғы 28 наурыздағы шартты , Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы 1994 жылғы 28 наурыздағы келісімді және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мен Ресей Федерациясының Қарулы Күштері үшін жеткізілетін өнімдердің сапасын бақылау туралы 1996 жылғы 26 қаңтардағы келісімді негізге ала отырып,

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Өнеркәсіптің қорғаныс салалары кәсіпорындарының өндірістік және ғылыми-техникалық кооперациясы туралы 1994 жылғы 28 наурыздағы келісімді
д а м ы т у ғ а ,

мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын 1 (қызмет бабында пайдалану үшін) және 2-қосымшаларға (қызмет бабында пайдалану үшін) (бұдан әрі - қосымшалар) сәйкес қару-жарақ пен әскери техниканы әзірлеуге, өндіруге және сынауға, әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетуге және осы үшін қажетті материалдар, шала өнімдер, жинақтауыш бұйымдар, жаттығу және көмекші мүлік беруге қатысатын кәсіпорындар мен ұйымдардың қалыптасқан өндірістік және ғылыми-техникалық мамандануын сақтауға ықпал етеді.

Тараптар осы Келісімді іске асыруға байланысты іс-шаралардың орындалуын мынадай уәкілетті органдарға:

Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінде ;

Ресей тарапынан - Ресей Федерациясының Өнеркәсіп, ғылым және технологиялар министрлігіне, Ресей Авиация-ғарыш агенттігіне, Ресей Оқ-дәрілер жөніндегі агенттігіне, Ресей Кәдімгі қару-жарақ жөніндегі агенттігіне, Ресей Басқару жүйелері жөніндегі агенттігіне және Ресей Кеме жасау жөніндегі агенттігіне жүктейді.

Тараптар уәкілетті органдардың ресми атауы өзгерген немесе қайта ұйымдастырылған жағдайда, бұл туралы бір-бірін дипломатиялық арналар арқылы дереу хабардар етеді және бұл хабарламаны осы Келісімнің ажырамас бөлігі деп санайтын болады.

2-бап

Тараптар осы Келісімнің қолданылатын мерзіміне немесе қосымша шешіммен келісілген мерзімге, олардың ұйымдық-құқықтық нысанының және меншік нысанының өзгеруіне қарамастан, осы Келісімге қосымшаларда көрсетілген кәсіпорындар мен ұйымдардың мамандануын сақтауға ықпал етеді.

3-бап

Осы Келісімге қосымшаларда көрсетілген Тараптар мемлекеттерінің кәсіпорындары мен ұйымдары шығаратын өнімдерді өндірістен алу тәртібі мен мерзімін белгілеу, кәсіпорындар мен ұйымдардың құрамын өзгерту Тараптардың уәкілетті органдарының келісімі бойынша, Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес, ал қажет болған жағдайда - екі мемлекеттің атқарушы билігінің басқа да мүдделі орталық органдарының келісімі бойынша жүзеге асырылады.

4-бап

Тараптар әскери мақсаттағы өнімдерді өндіруге қажетті материалдарды, шала өнімдерді, жинақтаушы бұйымдарды, жаттығу және көмекші мүлікті, технологиялық және ғылыми-техникалық сипаттағы қызмет көрсетулерді жеткізу Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы өнеркәсіптің қорғаныс салалары кәсіпорындарының өндірістік және ғылыми-техникалық кооперациясы туралы 1994 жылғы 28 наурыздағы келісімде белгіленген тәртіппен Тараптардың шаруашылық жүргізуші субъектілерімен жасалған шарттар (келісім-шарттар) негізінде жүзеге асырылатындығымен келісті.

5-бап

Осы Келісімге қосымшаларда көрсетілген, Тараптардың кәсіпорындары мен ұйымдарының қару-жарақтың және әскери техниканың жаңа үлгілерін бірлесе әзірлеуге және өндіруге қатысуы туралы шешім Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасында көзделген тәртіппен қабылданатын болады.

6-бап

Тараптар мемлекеттерінің қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындары мен ұйымдарында әрекет ететін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі өкілдіктері Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мен Ресей Федерациясының Қарулы Күштері үшін жеткізілетін өнімдердің сапасын бақылау туралы 1996 жылғы 26 қаңтардағы келісімге және қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес шарттық негізде әскери

мақсаттағы жеткізілетін өнімдерді қабылдау осы кәсіпорындар мен ұйымдарда жүзеге асыратынын Тараптар қуаттайды.

7-бап

Тараптар жеткізуші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, осы Келісімнің шеңберінде алынған материалдарды, шала өнімдерді, жинақтаушы бұйымдарды, құжаттаманы және ақпаратты үшінші тарапқа, оның ішінде шетелдік жеке және заңды тұлғаларға және халықаралық ұйымдарға сатпайды немесе бермейді.

8-бап

Тараптар өз мемлекетінің заңнамасына, сондай-ақ Тараптардың мемлекеттері қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес бірлескен жұмыстарды орындауға қажетті көлемде әскери мақсаттағы өнімдерді әзірлеуге, өндіруге, сынауға және сервистік алып жүруге, әскери мақсаттағы қызметтерді көрсетуге қатысты мәселелер бойынша ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

9-бап

Осы Келісімге Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Хаттамалар түрінде ресімделген өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

10-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және қолдану жөніндегі қайшылықтар Тараптардың уәкілетті органдарының келіссөздері жолымен, ал қажет болған жағдайда - екі мемлекеттің атқарушы билігінің басқа да мүдделі орталық органдарын тарта
о т ы р ы п ш е ш і л е т і н б о л а д ы .

Тараптардың уәкілетті органдары қайшылықтарды реттей алмаған жағдайда, олар Тараптар арасындағы келіссөздер жолымен шешілетін болады.

Осы Келісімге қосымшаларда көрсетілген Тараптар мемлекеттерінің кәсіпорындары мен ұйымдары арасында туындауы мүмкін әскери мақсаттағы өнімдерді өндіруге қажетті материалдарды, шала өнімдерді, жинақтаушы бұйымдарды, жаттығу және көмекші мүлікті өзара жеткізуге байланысты барлық қайшылықты мәселелер осы Келісімнің шеңберінде Тараптардың шаруашылық жүргізуші субъектілерімен жасалған шарттарда (келісім-шарттарда) көзделген талаптарда шешілетін болады.

11-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл бойы қолданыста болады және егер, Тараптардың бір де бірі тиісті кезең аяқталғанға дейін алты айдан кешіктірмей оның қолданылуын өзінің тоқтату ниеті туралы басқа Тарапты жазбаша нысанда хабардар етпесе, кейінгі бесжылдық кезеңге өздігінен ұзартылатын болады.

Егер Тараптар өзге туралы уағдаласпаса, осы Келісімнің қолданылуын тоқтату оның қолданылуы уақытында осы Келісімнің шеңберінде қол қойылған шарттарға (келісім-шарттарға) сәйкес қабылданған Тараптар мемлекеттерінің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің міндеттемелеріне әсер етпейді.

2003 жылғы "___" _____ қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің де күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тілдегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

<i>Қазақстан Республикасының</i>	<i>Ресей Федерациясының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
Қызмет бабында	пайдалану үшін
№ ___ дана	
Қазақстан Республикасының	Үкіметі мен Ресей
Федерациясының	Үкіметі арасында
мақсаттағы	Әскери
өнімдерді	өндіруге
қатысатын	қатысатын
кәсіпорындар мен	ұйымдардың
мамандануын	мамандануын
сақтау туралы	келісімге
1-қосымша	

Ресей Федерациясы мамандануын сақтауды ұсынатын

Қазақстан Республикасының кәсіпорындары мен ұйымдарының Тізбесі

Объектінің атауы	Мамандануы, өнім түрі
"С.М.Киров атындағы машина жасау зауыты" ашық акционерлік қоғамы Алматы қ.	Торпедалық қару-жарақ кеме құрылысына арналған басқару жүйелерінің гидравлика және автоматика бұйымдары
"Қазақстан Республикасының радиоэлектроника және байланыс жөніндегі ұлттық орталығы" ашық	Радиоэлектрондық құралдарды әзірлеу; радиотехникалық бағыттағы бұйымдар

акционерлік қоғамы, "Алатау" ААКБ ғылыми- өндірістік кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Алматы қ.	оның ішінде: Авиацияны басқарудың радиоэлектрондық құралдарын, командалық-штабтық машиналар мен техникалық қамтамасыз ету
құралдарын әзірлеу "Алатау" акционерлік қоғамы, Алматы қ.	Авиацияны, командалық-штабтық машиналарды және техникалық қамтамасыз ету құралдарын басқарудың радиоэлектрондық
құралдарын өндіру "Гранит" СКТБ" акционерлік қоғамы, Алматы қ.	Арнайы және қосарлы мақсаттағы техникалық құралдарды әзірлеу,
өндіру, жөндеу "Радиоэлектроника институты" жабық акционерлік қоғамы, Приозерск қ.	Радиотехникалық бағыттағы арнайы бұйымдар, Жерді қашықтықтан
зондтау "Эталон" акционерлік қоғамы, Алматы қ.	Есептеуші блоктар, басқару блок.
тары КА-168/3 мекемесі, Ақтөбе қ.	Сақтандырғыштар
"Түсті металдарды өңдеу зауыты" жабық акционерлік Балқаш қ.	Қола жолақтар қоғамы,
"Тыныс" ашық акционерлік қоғамы, Көкшетау қ.	Авиация техникасының жұмыс істеуін қамтамасыз ету приборлары
"Ғылым-Шығыс" ашық акционерлік қоғамы, Көкшетау қ.	Ұшу аппараттарын желдету және экипаждарының өмірін қамтамасыз ету жүйелеріне енетін авиация және ғарыш техникасының
агрегаттары "Семей машина жасау зауыты" ашық акционерлік қоғамы, Семей қ.	Шынжыр табанды тартқыш транспорттерлер
"ЗИКСТО" ашық акционерлік қоғамы, Петропавл қ.	Мина кешендерді, миналық қарулар
"Петропавл ауыр машина жасау зауыты" ашық акционерлік қоғамы, Петропавл қ.	Тактикалық ракеталық кешендер әзірлеу және өндіру

"С.М. Киров атындағы зауыты" Үлкен және орташа қуатты радио.
өндірістік бірлестігі" ашық қабылдағыш қондырғылар,
акционерлік қоғамы, Петропавл қ. антенна-фидер қондырғылары
"Мұнаймаш" ашық акционерлік Басқару аппаратурасы және теңіз
қоғамы, Петропавл қ. қару-жарағына жинақтауыштар
"Зенит" ашық акционерлік Теңіз минаға қарсы қару-жарағы;
қоғамы, Орал қ. жағалық күзеттің ракеталық кешен.
дері; ауыспалы ток генераторлары;

PCY-1Д

"Гидроприбор" ҒЗИ" ашық Минаға қарсы қару-жарық әзірлеу
акционерлік қоғамы, Орал қ. және өндіру
"Омега" ашық акционерлік Бастапқы бақылау аппаратурасы
қоғамы, Орал қ.

"Металлист" Орал зауыты" Атыс қаруы
ашық акционерлік қоғамы,
Орал қ.

"Микрография ҒЗИ" Техникалық құжаттама бойынша
республикалық мемлекеттік ақпарат дайындау
мекемесі, Орал қ.

"Альтрейд" жауапкершілігі Шайбалар, бериллий керамикасы
шектелуі серіктестігі,
"Керамика" зауытының филиалы,
Өскемен қ.

"Үлбі металлургия зауыты" Магний ұнтағы, алюминий-бериллий
ашық акционерлік қоғамы, лигатурасы, ТКБ шайбалары
Өскемен қ.

"Титан-магний комбинаты" Магний ұнтағы
ашық акционерлік қоғамы,
Өскемен қ.

"Қазмырыш" ашық акционерлік Метал мырыш, шақпақ қорғасын
қоғамы, Өскемен қ.

"Оңтүстікполиметалл" жабық Қорғасын бояу
акционерлік қоғамы, Шымкент қ.

Қызмет бабында пайдалану үшін
N _____ дана

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей
Федерациясының Үкіметі арасындағы Әскери
мақсаттағы өнімдерді өндіруге қатысатын
кәсіпорындар мен ұйымдардың мамандануын

сақтау туралы келісімге

2-қосымша

**Қазақстан Республикасы мамандануын сақтауды ұсынатын
Ресей Федерациясының кәсіпорындары мен ұйымдарының
Тізбесі**

Объектінің атауы	Мамандануы, өнім түрі
"Звезда" федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны, "Большой Камень" қалалық үлгідегі базасы, Приморье өлкесі	Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары, басқару жүйесі аппаратураларын жаңғырту
"Баррикады" мемлекеттік өндірістік бірлестігі, Волгоград қ.	Қалыптар, жабындар, құбырлар
"Воронежский научно-исследовательский институт федералдық кәсіпорны, Воронеж қ.	Арнайы байланыс құралдары "связи" біртұтас
"Синтез" ашық акционерлік қоғамы, Дзержинск қ., Нижегородск обл.	Анатермалар, сутегі қышқылы
"Энергия" ашық акционерлік қоғамы, Елец қ., Липецк обл.	Ампулдық батареялар
"Завод радиоаппаратуры" ашық акционерлік қоғамы, Екатеринбург қ.	Қабылдағыш-таратқыш қондырғылар
"Ижсталь" ашық акционерлік қоғамы, Ижевск қ.	Арнайы болаттар
"Новосибирский завод искусственното волокна" федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны, Искитим қ., Новосибирск обл.	Жарылыс қауіпі бар тораптар және мина қару-жарағын түпкілікті жинау жөніндегі жұмыстар
"Дагдизель" зауыты" ашық акционерлік қоғамы, Каспийск қ. Дағыстан Республикасы	Мина-торпеда кешендеріне арналған торпедалар; Өздігінен бағыттталатын аппаратура, басқару және бағыттау жүйелері
"Красногорский завод им. С. А. Зверева" ашық қоғамы, Красногорск қ., Мәскеу обл.	Оптикалық аспаптар, нысаналар акционерлік

"Мортеплотехника" ғылыми-өндірістік бірлестігі, Ломоносов Ленинград обл.	Торпедалық қару-жарақ әзірлеу қ., және дайындау
"Регион" мемлекеттік ғылыми-өндірістік бірлестігі, Мәскеу қ. дайындау	Торпедалық және минаға қарсы қару-жарақ әзірлеу және
"Гранит" федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны, Мәскеу қ. жинақтаушылар	ТМД ӘҚҚ ҚҚ құралдарын жөндеу, жаңғырту және қамтамасыз ету үшін құрал-жабдық,
"Научно-исследовательский институт радиоприборостроения" мемлекеттік кәсіпорны, Мәскеу қ.	Радиолокациялық өлшемдерді заттай жұмыспен жүргізу
"Муромский приборостроительный завод" федералдық біртұтас кәсіпорны, Владимир обл.	Пиротехникалық қондырғылар мемлекеттік Муром қ.,
"Новосибирский приборостроительный завод" өндірістік бірлестігі" мемлекеттік біртұтас кәсіпорны, Новосибирск қ. аспаптары	Күндіз және түнде көретін оптикалық көздеуіштер, күндіз және түнде көретін бақылау
"Омский приборостроительный ордена Трудового Красного завод им. Н.Г. федералдық мемлекеттік кәсіпорны, Омбы қ.	Байланыс құралдары Знамени Козицкого" біртұтас
"Иртыш" Омбы өндірістік бірлестігі" федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны, Омбы қ. дайындау	Радио байланысы құралдарын, теледидар берілімдерін, жекелеген қондырғыларды
"Пермский завод им. С.М.Кирова" федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны, Пермь қ.	Әскери мақсаттағы арнайы химия бұйымдары
"Гидроприбор" орталық ғылыми-зерттеу институты" Ресей Федерациясының мемлекеттік ғылыми Санкт-Петербург қ.	ТЖМ үшін минаторпедалық, минаға қарсы қару-жарақ және жабдықтар әзірлеу және дайындау орталығы,

"Двигатель" зауыты" федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны, Санкт-Петербург қ.

жинақтауыштар

"Морфизприбор" орталық ғылыми-зерттеу институты" федералдық мемлекеттік біртұтас Санкт-Петербург қ.

"Завод им. А.А.Кулакова" федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны, Санкт-Петербург қ.

"Балтийский судостроительный завод" ашық акционерлік Санкт-Петербург қ.

"Краснознаменец" ғылыми-өнд. дірістік бірлестігі" мемлекеттік біртұтас Санкт-Петербург қ.

"Северное машиностроительное предприятие" федералдық мемлекеттік біртұтас Северодвинск қ.

"Ступинская металлургическая компания" жабық қоғамы. Ступино қ. Мәскеу обл.

"Революционный труд" Тамбов зауыты" федералдық біртұтас кәсіпорны, Тамбов қ.

"Научно-исследовательский институт полупроводниковых приборов" федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны, Томск қ. өндіру

"Полимер" ашық акционерлік қоғамы, Чапаевск қ., Самара обл.

"Чебоксарское производственное объединение им. федералдық мемлекеттік кәсіпорны, Чебоксары қ.

Мина қаруы үшін аспап тораптарының жинақтауыштар; минаторпедальдық қару-жарағына

Табудың гидроакустикалық жүйелері кәсіпорны,

Бәсең тоқты аппаратура; блоктар, ажыратқыштар

Бастапқы бақылау аппаратурасы

Пиротехникалық бұйымдар федералдық кәсіпорны,

Бастапқы бақылау аппаратурасы үшін бөлшектер мен тораптар кәсіпорны,

Метал қалыптар акционерлік

Арнайы байланыс құралдары мемлекеттік

Радиоэлектрондық күрес құралдарын және қосарлы мақсаттағы өнімді әзірлеу мен

Пиротехникалық толтырылу

Пиротехникалық бұйымдар В.И.Чапаева" біртұтас

"Электромашина" ашық акционерлік
қоғамы, Челябинск қ.

әзірлеу мен өндіру

Бронды танк техникасы үшін
электр техникалық жабдықтарды
және қосарлы мақсаттағы өнімді

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК